



Газет 1948 ж.  
20 сәуірінен  
ашыға бастады

# Қазақ университеті

Әл-Фараби атындағы Қазақ мемлекеттік ұлттық университетінің газеті

№ 3(1267)  
наурыз  
1998 жыл

## Біздің сарайдан тараған шуақ

“Жастық шақ - даналықты менгеруге арналған уақыт, кәрілік - оны қолдануға арналған уақыт”, - деген екен ұлы француз ойшылы Жан-Жак Руссо. Еліміз тәуелсіздігін алып, өз болашағын өзі болжап, жаңа қоғам орнатуға түбегейлі бетбұрыс жасап жатқан қазіргідей кезеңде, осы сөздің біздің жастарымыз үшін, тіпті бүкіл қоғамымыз үшін ерекше маңызға ие болары анық.

Өмір - қимыл, қозғалыс. Өмір - тіршілік. Ол - тоқтаусыз алға жылжиды, жасампаздыққа жол ашады. Өмірдің иесі кім? Ол - адам. Адамның ұрпағы бар. Ол - бүгінгі жастар. Жастар - келешегіміздің турлауы, тұлғалы өкілдері. Еліміздің абыройлы міндеттері де солардың мойнында.

Жастар қашан да, қай заманда да жаңалыққа ұмтылып, таптаурын болған әдістерден аулақ болуға талпынған ғой. Бүгінгі таңда тәуелсіз еліміз ауыртпалығы мол қиындығын көтерген шақта, қоғамдағы кез келген орта, жеке адам одан сырт қала алмайды. жастарымыз, міне, осындай жанару процестерінен сүрінбей өту жолында өздеріне ерекше көзқарасты, олардың проблемаларын шешуді талап етуі заңды құбылыс.

Жақында университетіміздің Студенттер сарайында республика студенттері мен жастар ұйымдары өкілдерінің съезі болып өтті.

Сөзді Қазақстан Республикасы Ақпарат және қоғамдық келісім министрі А.Сәрсенбаев кіріспе сөз сөйлеп ашты. Қазақстан Республикасы Президентінің жастарға жолдаған құттықтау хатын Президент өкімшілігі жанындағы Талдау және стратегиялық зерттеу орталығының жетекшісі М.Тәжин оқып берді.

Съезд жұмысына еліміздің қоғамдық жастар ұйымдары мен жоғары, орта арнаулы оқу орындары атынан 533 делегат қатысты. Съезде сөз сөйлегендердің барлығы да жастардың басын қосатын қуатты ұйым керектігін тілге тиек етті. Нәтижесінде заңды тұлғалар Ассоциациясы түріндегі, жастар мен студенттер ұйымдарын ерікті біріктіретін “Қазақстанның болашағы үшін” атты жастар қозғалысының тұсауы кесілді. Ұзақ та сындарлы талқылаудан соң, жастар қозғалысының Жарғысы қабылданып, соған сәйкес қатысушы ұйым өкілдері Қозғалыс кеңесінің мүшелігіне өтті.

Баламалы сайлау жолымен Қазақстан жастары форумының төрағасы Мейрам Раганин қозғалыстың төрағасы, Либералдық қозғалыс жастарының жетекшісі Тоғжан Қожалиева қозғалыстың атқарушы хатшысы болып сайланды.

“Еркін микрофон” әдісімен өткізілген жарыссөзге 42 делегат қатысты. Қоғамымызда қалыптасып отырған жастар проблемалары ең алдымен жастардың өздерін толғандыратыны түсінікті жайт. Шынын айту керек, съездің қыза түскен кезі де жарыссөз тұсы еді. Жалпы алғанда, “еркін микрофонға” шыққандардың ішінде көпшіліктің көкейіне қонарлық салиқалы пікір айтқандар да аз болған жоқ. Біз де әлгіндей құнды пікірлерді “қойын дәптерімізге” түртіп алдық:

- Жастар туралы заң қабылданса, ауылда тұратын жастарды әлеуметтік қолдау туралы арнаулы тарау енгізу қажет;

- Жастар проблемасын арқау ететін телевизиялық арнаулы арна ашу керек;

- Студенттер сарайының жанынан студенттердің ғылыми жұмыстарын ұйымдастыратын орталық ұйымдастырған дұрыс.

Жастар саясатын жүзеге асыратын заң қажеттігі жайлы пікір де бұл жиында баса айтылды. Жастар саясаты туралы заң жобасы заң шығарушы органның құзырына биыл ғана ілікті. Заң жастарға не береді? Мамандардың айтуынша, бұл жастарға қатысты күрделі сауалдардың негізін қамтыған, ғылыми-әдістемелік тәжірибелер негізінде әзірленер дүние. Негізгі арқауы - әлеуметтік бағдар болмақ. “Егемен Қазақстан” газетінің 30-қаңтардағы саясаты: оң мен сол атты мақаласында атап көрсеткендей, “Мемлекеттік Жастар саясаты туралы Заң” баптарын іске асыруға жылына 3-8 миллиард теңге шамасындағы қаржы керек екен. Әрине, аз қаржы емес. Бірақ, меніңше, жастарға жұмсалар қаржы - болашақ үшін кететін шығын. Сондықтан одан ештенені аямаған дұрыс.

Қорыта айтқанда, жастардың қоғамдағы бағытын айқындаған, зерделі, іскер жастардың басын қосқан бұл шарадан жастар мемлекетіміздің өздеріне білдіріп отырған үлкен сенімін айқын түсінетіндіктерін аңғарамыз.

**Гүлжан ЕСКЕНДІР,  
3 курс студенті.**

## КТК не дейді, біз не дейміз?

Коммерциялық телеарнаның осынау сенсациялық, тосын мәлімдемесі қала жұртшылығын елең еткізді. Тоғышарларға біраз уақытқа дейін ауыздан тастамай айтып жүретін әңгімені КТК ойда-жоқта тауып берді. “Жаңадан ғана салынып бітіп, пайдалануға берілген, ашылу рәсіміне Республика Президенті қатысқан әл-Фараби атындағы университеттің Студенттер сарайы құлаудың аз-ақ алдында көрінеді, 4-5 баллдық жер сілкінісіне шыдай алмайды ған”, - дегенді кешкісін бір, таңертең бір видеосюжет ретінде беріп кетіп жіберді. Осы мәселенің анық-қанығын білу мақсатында біз Студенттер сарайының директоры Ораз Дамылдаулы Байқонысов мырзаға жолыққан едік.

- Бұл хабар біздің ұжымды үлкен өбігерге салды. Ең бастысы, қолда тұрған мүмкіндіктерімізден айырылып қалдық. Хабардан кейін біздің сарайда өткізілуге тиіс концерттің сатылған билеттерін қайтып алуға мәжбүр болдық, келісімшартты бұзуға тура келді. Қала әкімінің орынбасары Б.О.Сауранбаев бастаған, құрамында 36 адам бар, комиссия келгеннен кейін ғана мәселе шешілді. КТК-ның өтірігіне берек берсін, комиссия көз жеткізгендей, ғимаратты жобалаудан кеткен ешқандай қателік жоқ. Бұл сарайдың құрылысы 16 жылға созылды, осы уақыт ішінде күші 6-7 балға дейін бірнеше жер сілкіністері болды, қалың қар жауды. Ғимараттың төбесі ішіне түспек түгілі, бір кірпіші сөтінген жоқ. Енді келіп КТК жоқтан бар жасағысы келеді.

- КТК-ның мұндай дақпыртты таратуына не себеп болды деп

ойлайсыз?

- Ең бастысы, біздің сарайымыз Республика сарайынан кейін сыйымдылығы жағынан екінші орын алады. Яғни бұл қаладағы басқа мәдениет ошақтарымен бәсекелес бола алатын ғимарат бой көтерді деген сөз. КТК халық алдында жаңа Сарайды мүмкіншілігі шектеулі, ел өміріне қауіпті етіп көрсетуді ұстанған сияқты. Олардың қандай нақты деректерге сүйенгені беймәлім. Тіпті сол хабардан кейін студенттердің өзі Сарайға кіруден қорқып қалды, арнайы ұйымдастырылған би кешінде жастардың аз болу себебі де осыдан болар. Осы би кешінде біз Сарайдың мүмкіндіктерін тағы байқап көрдік: сарай қандай шуға да болсын еркін шыдайды.

- Қазір Сарайда әртүрлі концерттер, мәдени шаралар өтіп жатқанынан хабардармыз, алда да мұндай іті істер жалғасып тұратын болар?

- Сарай ашылғалы бері біз әр түрлі концерт, би кештерінен 200 мың теңгеге жуық қаржы таптық. Мұнда С.Тұрысбековтің шығармашылық кеші, Ә.Дінішевтің концерті, “Әнші балапан” фестивалінің 4 концерті өткізілді. Алда студенттер концерттерін, фирмалардың тұсау кесерін, КВН-дар өткізуді жоспарлап отырмыз.

- Студенттер Сарайға еш қорқыншысыз келе беруіне болады деп нақты айтуға негіз бар ғой...

- Әрине, бар. Егер Сарай құрылысы адам өміріне қауіп төндіретін болса, мен бұл кабинетте отырмаған болар едім. Сарай алдағы уақытта да студенттер өміріне үлкен із қалдыратын мәдениет ошағы, университетіміздің басты байлығы болып қала береді.

- Әңгімеңізге рахмет.

**Сұхбаттасқан - Есей ЖЕҢІСҰЛЫ**





# Қош келдің, Наурыз!


Жер жүзіндегі жұрттардың бәрінің де түрлі-түрлі мейрамдары болады. Мәселен, дін мейрамы, ұлт мейрамы, мемлекет мейрамы секілді. Өзгелерді былай қоя тұрып, өзіміздің сыбайласымыз орыс жұртын алсақ, бұл туралы қазақтың мақалы да бар: “Орыста мейрам көп, қазақта айран көп”.

Біздің қазақ айранға бай болғанымен, мейрамға жарлы екендігі осыдан да көрінеді. Жалпы мұсылман жұрттарына ортақ жылына екі рет келетін ораза, құрбан айттарын есепке алмағанда, біздің қазақ-қырғызда жалғыз-ақ мейрам бар, ол - Наурыз.

Наурыз қазақтың шын мағынасындағы ұлт мейрамы. Наурызды қазақтан басқа Күншығыс жұрттарының көбі, мәселен, Үндістан, Иран, Ауған, Бұхар, Кавказ, Түркістандықтар да мейрам етеді. Бірақ бұлардың бәрін салыстырғанда, Наурызды біздің қазақтың мейрам етуі айрықша сыйымды, артықша дәлелді. Неге десеніз, марттың ескіше 9-нда, жаңаша 22-інде күн мен түн теңеледі, қыс өтіп, жаз жетіп, шаруа кенеледі. Қыс бойы ақ кебінің жамылып өлім төсегінде жатқан табиғаттың жанды, жансыздың тірілуі кімнің болса да көңіліне шаттық беретіні анық болса, тіршілік жағынан қыстың өтуіне, жаздың жетуіне қазақтан артық тілектес, қазақтан артық қуанатын ел жоқ деуге сыяды.

Тіршіліктің арқауы - алдыменен тамақ. Дүние жаратқаннан бері жанды-жансыздың бәрінің талас-тартысы, шынын айтқанда, тамақ үшін, күн көруі алдындағы айдап өсіріп жүрген малының амандық, жамандығымен байлаулы. Өнері, кәсібі, зауыты, фабрикасы бар, табиғатты қолданған мәдениетті елдер қыстың қысымын қазақтай көрмейді.

Болмашы боранға, жауын-шашынға, топтанған бұлтқа, ауысқан желге, керек десе, жаңа айдың қалай туғанына шейін қазақтың



зор мағына беруі әшейін ерікпеннен тапқан ермегі емес, қыстың ауыр я жеңіл өтуінен тіршілігі өзгеретін, жеңіл болса құт, ауыр болса, жұт болатындығын байқаған тәжірибеден шыққан нәресе.

Дұрысында, қазақтың тамағы да, киімі де, үйі де, күйі де, көлігі де, отарбасы да,

телеграфы да, телефоны да мал емес пе. Малсыз қазақтың күні бар ма? Сол малың аман сақтау үшін қысқы аязда, ызғырық боранда бейнет шегіп, еңбек сіңіріп, малымен бірге жатып, бірге тұрып, бірге жүріп, бірге ығып, қыс қандай қысылса, жаз сондай жазылатын, жадырайтын шаруашыл, еңбекшіл қазақ қыстың өткеніне, жаздың жеткеніне қалайша өзгелерден артық қуанбасын, жаздың басы жаңа күн - Наурызды қалайша мейрам етпесін.

Соңғы жылдар қазақтың шаруасын күйзелтіп, байтақ елі ашаршылыққа ұшырап, ойын ойнап, тойын тойламақ түгіл, барар жер, басар тау таба алмай дағдарған еді. Енді, шүкір, аздап заман түзеліп, шаруасы оналуға айналғаннан кейін, оның үстіне биылғы қыс әр жерде жеңіл болып, жұрт алдырмай-шалдырмай аман-есен жазға жетіп отыр. Сондықтан бұл Наурыз ел-елде қуанышпен қарсы алынып, шаруаның бір малы скеу болып, көңілі өсіп, жасы үлкендер күшақтасып көрісіп, жаңа өспірім жас буын қуанысып күлісіп, жанның бәрі дүниеге жаңа келгендей мәз-мейрам болса керек.

Мұның бұлайда бұ күнгі күнді жыл сайын осындай қуанышпен қарсы алып, ойнап-күліп өткізу үшін қазақ елі ерінбей еңбек сіңіріп, мезгілін өткізбей егін егіп, пішен шауып, күн ілгері қамынды же. Сонда ғана былтырғы, бұрнағы жылдардай қан жыламай, алдағы наурыздарды да шын мейрам, шын шаттықпен өткізесін.

Қуанышты күнің, жаңа жылың құтты болсын қазақ!

Дүниеге көрік берген, шырайы жылы жыл басы наурыз, қош келдің!

*Міржақып Дулатов*

## Мереке де тарихтан басталады

Көктем табиғатының көл-көсір молшылық әкелетін, Жер-Ананың дүниеге мейірім шуағын төгіп, күн мен түн адамзат үшін теңелетін, пенденің бәрінің сезімін оятатын шағы - Наурыз айы. Сонда адамзат белгілеген Жаңа Жыл емес, табиғаттың өзі сыйлаған Жаңа Жыл келеді. Сол табиғатқа рахмет айтып, Жаңа Жылды адамзат ризашылықпен қарсы алады.

Көп жылдар қысым көрсе де бұл Мереке, елдің тәуелсіздігі арқылы жаңа қырынан көрінді, заман ағымына қарай аздап болса да өзгере түсті.

Биыл елімізде халық бірлігі, ұлттық тарих жылы деп аталуы жаңа серпін, жаңа күлшыныс тудырып отыр. Соның ішінде әсіресе тарихшылар мен этнологтарға артылар жүк көп. Осы үмітті дәуірдің салмағының әсері болса керек, университетімізде Ұлы Мерекені алғашқы болып қарсы алғандардың бірі - Тарих және этнология факультеті. Біздің ұжым тарихтың өзі жадымыздан шығармаған

халық әдет-ғұрпын сақтау үлгісін көрсете отырып, төл мерекені көтеріңкі қарсы алды. Ақ-адал пейіл, жарасымды әдет-ғұрып салты бұл жиында адамдардың нұрлы жүзінен, қауышқан құшақтарынан анық көрінді. Бірін-бірі пенделік алыс-берістегі кемшіліктері үшін кешіру, болашаққа деген оң тілекті білдіру рәсімдерін ту етіп көтердік. Наурыз көже таратылып, қыстан қалған дәмнен ауыз тигізу - ендігі молшылықтың жақсы белгісіндей. Дәнді дақылдар араласқан бұл тағам адамзат тойымын көрсетті. Қазақы ән мен әсем билер жадыраңқы көңілді одан әрі көтерді. I курс студенттері Құралай Болдиярова, Әсем Қасеновалар “Маусымжан” биін нақышына келтіре орындады, одан әрі ұлттық өнер үлгілерін ағалары мен аталары іліп әкетті. Профессор М.Қаратаев пен аға оқытушы Н. Алдабергеновтер айтыс өнерін көрсетіп, ағалы-інілі қалжың арқылы жиналған қауымды бір желпіңтіп тастады.

Кафедралар арасындағы жарыста байқағанымыз - олардың Наурыз күніне өзіндік дайындықпен келуі. Мәселен, жас баланы қырқынан шығару, бесікке бөлеу көріністері адам өмірінің жалғастығын әспеттеді, көп алдына шығарды, әрі ұтымды, әрі әдемі шықты. Қазақ тарихы кафедрасының профессоры С.Жолдасбаев ұйымдастырған ойын түрлері, факультет деканы К.Бұрханов бастаған ізгі тілек айту рәсімі - бәрі-бәрі біздің ұжымның ұйымшылдығын аңғартқандай. Археология және этнология кафедрасы қыз ұзату, беташар көріністерін алдына ұжым мүшелерінің әрқайсысының қазақы киім киіп жүруі, сән-салтанаттың ажарлана түсуіне әсер етті.

Жалпы, мереке мейірімі факультет оқытушылары мен студенттер қауымына деген жаңа талпынысқа серпін берген тәртізді.

*М.Жайлыбай,  
тарих факультетінің студенті.*





# Қимылдаған қыр асады

Біржақты идеология туының астына тартасқан талай ұйым мен одақтың өткен жақта қалғанына да біраз болды. Кейбірі уақыт ағымына орай өзгеріп, жанарып, тарих сахнасынан кетпеудің әрекетін жасап жатыр. Соның бірі - кәсіпшілер одағы. Адамдардың әлеуметтік қорғалуын қамтамасыз ететін бұл ұйым кей жерде қаржы тапшылығы салдарынан қалт-құлт өмір кешіп жатқаны белгілі. Бірақ біз өзіміздің университетіміздің кәсіподақ комитетінің жасап жатқан жұмыстарымен таныса келе, "жөк" деп ауызды қу шөппен сүртіп қана отырмай, "Қимылдаған қыр асатынына" көзіміз жетті.

Дәл осыдан 4 жыл 3 ай бұрын университетімізде кәсіподақ комитетінің есеп беру-сайлау жиналысы өтіп, оның құрамы жаңарған болатын. Осы ұйымның қазіргі таңдағы тыныс-тіршілігі жайынан оқырмандарымызды хабардар ету үшін университет кәсіподақ комитетінің төрайымы Ләйлә Сейсенбекқызы Ахметоваға жолығып, бірнеше сұрақтарды алға тартқан едік.

**Алма Есенбаева:** - Қазіргі экономикалық алмағайып заманында кәсіподақ комитеті беделінің төмендемеуі үшін не істеп жатырсыздар?

**Ләйлә Сейсенбекқызы:** - Кәсіподақ ұйымы қашанда еңбекшілердің әлеуметтік қорғалуына мүдделі. Өз мүшелеріне пәтер беріп, тұрмысқа қажетті заттарды тегін тарататын мамыражай кезең артта қалды. Қазіргі қиын-қыстау заманда адам өз еңбегіне сай лайықты жалақы алатынына, оның дер кезінде қолына тиетініне және жұмыстан босап немесе қысқарып қалмайтынына сенімді болғанда ғана, өнімді жұмыс істей алады. Кәсіподақ ұйымының

басты мақсаты да - адамның жемісті еңбек етуін қамтамасыз ету.

**А.Е.:** - Ресми кәсіподаққа мүше болудан тартынатындар да бар шығар?

**Л.С.:** - Басқа кәсіподақ ұйымдары сияқты біздің комитеттің санатын қызметкерлеріміздің 99 проценті құрайды. Осы цифрдың өзінен-ақ ұйым беделінің жоғары екенін көруге болады. Кәсіподақ мүшелері қаржылық көмек ала алма да, қиындықта қорғалатынына сенімді.

**А.Е.:** - Қызметкерлердің қаржылық қиындықтарын қалай шеше аласыздар?

**Л.С.:** - Қаржы мәселесін біз өкілшілікпен бірлесе отырып қарастырамыз. Жарнаның 3 проценті өз қорымызға түседі. Осы қор есебінен біз қатардағы қызметкерлерге сыйақы не қаржылай көмек көрсетеміз. Мерейтой иелері мен зейнеткерлеріміздің мүдделерін де ескереміз.

**А.Е.:** - Нақтырақ айтқанда, қандай жұмыстар атқарып жатырсыздар?

**Л.С.:** - Өткен жылы университеттің еңбек ұжымына үндеу тастап, қайырымдылық акциясын ұйымдастыруға күш салған едік. Бұл шара бойынша түскен заттар Қаскелен қаласындағы жетімдер үйіне (жеміс-жидек, ойыншықтар, ақша және басқа да заттар), Қапшағай қаласындағы қарттар үйіне (кітаптар, заттар), "Восток-3" мектеп лагеріне (кітаптар, ойыншықтар) және университетіміздің сауықтыру орталығына (кітаптар) таратылды.

Сонымен бірге ұйымымыздың қорынан санаторий-курорттарға жолдамалар берілу көзделген. Атап айтқанда, 1996 жылы 1138 жолдама (118 қызметкер мен 1020 студентке), ал 1997 жылы барлығы 560 жолдама - 160 қызметкерге, 500 студентке) берілді.



Алдағы уақытта қызметкерлеріміздің балалары жазғы маусымда дем алатын лагерь ашпақшымыз.

Сондай-ақ қызметкерлерді диеталық тамақтандырумен қамтамасыз ету де көзделіп отыр.

**А.Е.:** - Сіздердің ұйымдарыңыздың тарапынан студенттердің кәсіподақ комитетінің жұмысына бағыт-бағдар сілтеле ме?

**Л.С.:** - Студенттердің кәсіподақ комитеті біздің барлық жұмысымызға араласып, көмектеседі. Бірақ бұл ұйымның өзінің жарғысы, өзінің штаты бар, міндеттері мен қарайтын мәселелері өзінше бөлек. Әсіресе соңғы кезде аталмыш ұйым өз жұмысын жақсы жолға қойды. Бұл - ұйымның төрағасы Орсариев Арнынның белсенділігінің арқасы деп ойлаймын. Оның еңбекқорлығы, қайырымдылығы, ыждағаттылығы маған ұнайды.

**А.Е.:** - Әңгімеңізге рахмет.

**Алма ЕСЕНБАЕВА,**  
журналистика факультетінің  
3 курс студенті.

## "Әлем журналистикасының тарихы" туралы жаңа оқулық

Жасыратыны жөк, журналист кадрларын даярлаудағы күрделі мәселе - қазақ тіліндегі оқулықтардың тапшылығы.

Міне, осы олқылықтың орнын там-тұмдап болса да толтыруға атсалысып жүрген - қазақ журналистикасының қара шаңырағы - ҚазМУУ-дың журналистика факультетінің оқытушылары.

Жуырда осындай кітаптардың қатарына осы ұжымның журналистика тарихы кафедрасының оқытушылары: профессор С.Қозыбаев, ғылым кандидаттары А.Рамазанова және Қ.Аллаберген жазған "Әлем журналистикасының тарихы" атты оқулық келіп қосылды.

Еңбек "XVIII-XIX ғасырлардағы орыс баспасөзінің тарихы" және "Шетел баспасөзінің тарихы" атты басты екі бөлімнен, кіріспе мен қорытындыдан тұрады. Алғашқы бөлімде орыс журналистикасының екі ғасырлық тарихына тыңғылықты түрде баға берілсе, екінші бөлімде Ұлыбритания, Франция, Германия, Италия, Испания және Америка Құрама Штаттары журналистикасының даму шежіресімен қатар Түркия, Египет, Жапония елдерінің баспасөзі мен бұқаралық ақпарат құралдарының тарихына ерекше мән берілген.

Осы тұрғыда айтағын бір сөз - бұрын біз шетел баспасөзі мен бұқаралық ақпарат құралдарының қызметіне "буржуазиялық идеологияның сойылын соғушы" ретінде қарап, ол туралы шындықты 70 жыл бойы жылы жауып келдік. Ал бүгінгі күн жанарымен қарасақ, шетел журналистикасынан үйренеріміз де бар екен. Бұл орайда сырт жұрттағы әріптестеріміздің ең алдымен

оқырман аудиториясының сұранысын терең зерттей отырып, сол сұранысты қанағаттандыру мақсатында өз қызметіне шұғыл өзгерістер енгізуге әрқашан дайын тұруы, журналистика мен бизнесті шебер ұштастырып, басылымды өзін-өзі қаржыландыру жүйесіне көшіруі, жаңа технологияларды өндіріске енгізу арқылы басылым сапасы мен жеделдігін арттыруы сияқты тың іс-тәжірибелері қазақ журналистикасының жаңа сапада дамуына бағыт-бағдар болатын құнды дүңгелер деп білгеніміз жөн.

Әрине, бұл ұжымдық еңбек нарықтық қиыншылықтарға байланысты ықшамдала берілген. Оған кітаптың терілу тәсілі-ақ куә. Екіншіден, егер мүмкіндік болса, Ресей баспасөзінің екі ғасырлық тарихына ғана емес, оның әсіресе, Кеңес өкіметі тұсындағы және қазіргі тарихынан да мәліметтер бергенде, көптеген мәселелердің басы ашылар еді. Өйткені Қазақстан тарихы Ресей тарихымен тікелей байланысты болғандығы көпке мәлім. Үшіншіден, баспахана және кітап редакторы тарапынан да асығыстық жіберілгені байқалады.

Алайда азын-аулақ кемшілігіне қарамастан, "Әлем журналистикасының тарихы" атты бұл кітап - қазақ тілінде шыққан алғаш оқулық. Сол қасиетімен де, мазмұндылығымен де құнды. Оның үстіне қазір журналистика бөлімдері Алматыдан басқа жаңа астана - Ақмолада, Қарағанды, Қостанай, Түркістан, Қызылорда қалаларында да ашылғандығын еске алсақ, онда бұл еңбектің қажеттігі дау тудырмайды.

**Айтмұхамбет ЕСДӘУЛЕТОВ**





# Серпіліп қалды жас көңіл

Жуықта журналистика факультетінің ұйымдастыруымен қазақ тілінде курсаралық "Тапқырлар мен әзілқойлар сайысы" болып өтті. Оған 1-ші, 2-ші, 3-ші курс студенттері белсене қатысты. Олар таныстыру, көрініс, сұрақ-жауап, жарнама, өнер, қоштасу сияқты талаптар бойынша қойылымдар орындады.

Әсіресе "Наурыз көжектері" деп аталатын 1-ші курс тобы: Ырғызбаева Манат, Арғынғалиев Талант, Байболатов Дөнеш сияқты студенттер көрермендер ризашылығына бөленді. Сондай-ақ 2-ші курстың "Арпа ішінде бір бидайынан" Нұрлан Оқаулы, Гүлсая Түменбаева жарысты жандыра түсті. Ал 3-ші курстың "қалақайлары" - Қанағат Әбілқайыров, Досымбек Өтеғалиев сияқты жігіттердің де жақсы дайындалғандығы байқалды. Олар өз өнерлерінің сан қырын құбылтқа қулыртып, бізді бір желпіндіріп тастады.

Бұл ретте жанкүйерлердің үлесі де зор. Олардың да қол шапалақтауы, ұрандары сайысқа қатысушыларға кереметтей шабыт беріп отырды. Әділ қазылар алқасына келетін болсақ, айта кететін бір жәйт - олардың да жұмысы өте қауыр



болды. Себебі бірінен бірі асып түскен топтардың жүйрігің анықтау оңай емес-ті. Соған қарамастан әділ қазылар әрбір бөлімді, әрбір сәтті талдап-таразылап балл бергенде, шешімдерін, уәждерін түсіндіріп отырды.

Сөйтіп, олардың шешімі бойынша, 2-ші және 3-ші курстар 124 баллмен тең түсіп, 1 орынды бөліссе, 1-ші курс 117 балл жинап, 2-ші орынды иемденді. Мінеки, осылайша өткен көңілді сайыс енді факультетаралық дәрежеде өз жалғасын тапса дейміз. Қазір университеттер

арасында мұндай жарыстарды жиі өткізіп, республика бойынша қолға алса, нұр үстіне нұр болмақ. Тіпті оған облыстардан да қатысса, жастар үшін өте қызықты кештерге ұласар еді.

Тағы бір қуантарлығы, сайыс басынан аяғына дейін мемлекеттік қазақ тілінде өтті. Бұрын тек орысша болып жүрген-ді. Жоғарыда айтылған топ атаулары да нағыз қазақ дәстүрімен тығыз байланыста алынған. Ал музыкалық көркемдеу күмбірлеген домбыра үнімен ұласты. Осы сияқты болашақ жарыстардан да ұлттық рух сезіліп тұрса көнеки.

Тақырыптар да көкейтесті мәселелерді қамтыса, Ресейде өтетін "КВН-нің" көшірмесі болмаса дейміз. Өзіміздің ұлттық салт-дәстүріміз бен жаңаша идеяларды қосып, тамаша мейрамдарды ұйымдастыруға әбден мүмкіндік бар деп ойлаймыз. Ол үшін жастықтың жігерлі ізденістері қажет-ақ.

**Айнұр БЕКНИЯЗОВА,**  
журналистика факультетінің  
1 курс студенті

## Библиотечный абонемент предлагает:

Ахметов Е.А., Жұманов К.Б., Өмірбекова З.К. Электр және магнетизм практикумы. Жоғары оқу орындарының студенттеріне арналған оқу құралы. - Алматы: Қазақ университеті, 1997. - 184 б.

Оқу құралы университеттердің физика мамандығы бағдарламасына сәйкес жазылған, жалпы физика курсының электр және магнетизм бөліміне арналған лабораториялық жұмыстар қамтылып, студенттердің тәжірибе жасауына, физика заңдарын іс жүзінде қолдана білуіне көмектесу мақсаты көзделген.

2. Исследование проблем фундаментальных взаимодействий в теоретической физике (М.М.Абдильдин, Ф.Б.Баймбетов, М.А.Жусупов, Т.А.Кожамкулов, Т.С.Рамазанов, М.С.Омаров. - Алматы: Қазақ университеті, 1997. - 141 с.

Современная теоретическая физика рассматривает четыре фундаментальных взаимодействия: гравитационные, электромагнитные, сильные и слабые. Настоящая работа посвящена теоретическому исследованию ряда актуальных проблем этих взаимодействий.

3. Баймбетов Ф.Б., Рамазанов Т.С. Математическое моделирование в физике

неидеальной плазмы. - Алматы: Ғылым, 1994 г. - 212 с.

В монографии обобщены результаты исследований, полученные за последние десять лет в Казахской научной школе по физике плазмы, которая внесла существенный вклад в разработку псевдопотенциальных моделей и исследование на их основе термодинамики, явлений переноса и электродинамики неидеальной плазмы методами математического моделирования. Приведенные в книге результаты имеют не только чисто научный интерес, но и могут быть использованы при расчетах технических проектов.

4. Жанабаев З.Ж. Лекции по нелинейной физике: Учебное пособие. - Алматы: Қазақ университеті, 1997. - 72 с.

В учебном пособии в сжатой форме рассмотрены основные понятия нелинейной физики, которые применяются для анализа неравновесных явлений, происходящих в сложных системах различной природы.

5. Коломеец Е.В., Барсуков О.А., Айтмухамбетов А.А. Радиационная опасность полетов самолетов и других

летательных аппаратов. - Алматы, 1997 г. - 264 с.

В монографии изложены результаты исследований радиационной обстановки на трассах полетов самолетов и других летательных аппаратов на высотах более 10 км. Приведены данные воздействия ионизирующего излучения на людей во время полетов, в частности, воздействия радиации от галактических космических лучей, солнечных космических лучей, генерированных во время вспышек и аврорального излучения.

6. Рахимов Е.Р., Рахматуллаев А.Ш., Иманкулов Т.Ш. "Колебания и устойчивость систем с неравными осевыми моментами инерции. - Алматы: Қазақ университеті, 1997. - 137 с.

Работа посвящена актуальным проблемам - разработке обобщенных динамических и математических моделей, методике исследования алгоритмов и программ, позволяющих провести комплексные изучения динамики реальных роторных машин с учетом новых факторов, существенно влияющих на эффективность их работы; неравности осевых моментов инерции; нелинейности упругости отдельных их деталей; созданию научно-обоснованных обобщенных динамических моделей роторных систем с неравными осевыми моментами инерции и с полостью, частично заполненной жидкостью.





# Что мы знаем о диссертационных Советах нашего университета

№  
Шифр  
дис. совета

Председатель,  
/зам. председателя  
/ученый секретарь

Шифры и наименования специальностей

## Механико-математический факультет

1. K14 A.01.05. по физ.-мат. наукам	Касымов К.А. Отелбаев М.О. Биядилов Н.Б.	01.01.02. - дифференциальные уравнения
2. K14A. 01.15. по физ.-мат.наукам, техн. наукам	Уалиев Г.У., Рахимов Е.Р. Садыкова А.Т.	01.02.01 - теоретическая механика 05.02.18. - теория механизмов и машин
3. D14A. 01.08. по физ.-мат.наукам, техн.наукам	Ершин Ш.А., Данаев Н.Т., Балакаева Г.Т.	01.02.05. - механика жидкости, газа и плазмы
4. K14A. 01.04. по физ.-мат.наукам, техн.наукам.	Лукьянов А.Т., Закарин Э.А. Нысанбаев С.Е.	01.01.07. - вычислительная математика 05.13.16. - применение вычислительной техники, математического моделирования и математических методов в научных исследованиях
5. K14A. 02.02. по педагогическим наукам	Кабдыкадыров К.К. Кубесов А.А., Копылов В.И.	13.00.02. - теория и методика обучения математике

## Физический факультет

6. D14A. 01.11. по физ.-мат. наукам	Абдильдин М.М. Лукьянов А.Т. Аскарова А.С.	01.04.02. - теоретическая физика 01.04.14. -теплофизика и молекулярная физика
7. K14A. 01.07. по физ.-мат. наукам	Баймбетов Ф.Б., Якушев Е.М., Нурекенов Х.Т.	01.04.08. - физика и химия плазмы 01.04.04. - физическая электроника

## Химический факультет

8. D14A.01.02. по химическим наукам	Мансуров З.А. Абылов Ж.А. Мун Г.А.	02.00.03. - органическая химия 02.00.06. - физическая химия 02.00.06. - химия высокомолекулярных соединений
9. D14A01.03. по химическим наукам	Захаров В.А., Еркасов Р.Ш., Шалдыбаева А.М.	02.00.01. - неорганическая химия 02.00.02. - аналитическая химия 02.00.05. - электрохимия
10. D14A.01.12. по химическим наукам	Жубанов К.А. Дембицкий А.Д., Бикмухамбетова А.К.	02.00.10. - биорганическая химия, химия природных и физиологическиактивных веществ 02.00.11. - коллоидная химия 02.00.15. - химическая кинетика и катализ

## Биологический факультет

11. D14 A. 01.01. по биологическим наукам	Берсимбаев Р.И., Ивашенко А.Т., Колумбаева С.Ж.	03.00.04. - биохимия 03.00.11. - эмбриология, гистология и цитология 03.00.15. - генетика
12. K14A. 01.06. по биологическим наукам, хим. наукам	Бигалиев А.Б., Сармурзина А.Г., Мажренова Н.Р.	03.00.16. - экология

(Начало. Продолжение - в следующем номере нашей газеты)





## Ізденіс жемісі

Қазақ халының руханият әлемі Алаш ардақтыларының есім-еңбектерімен толыға түсуде. Осы орайда әдебиетші-ғалым Рақымжан Сағымбекұлы Тұрысбектің “Жүсіпбек” атты монографиясы (Алматы, “Санат” 1997, 224-бет) ХХ ғасырдың басында солақай саясаттың, қуғын-сүргіннің құрбаны болған, қазақтың сегіз қырлы, бір сырлы білімпаз ұлы Жүсіпбек Аймауытовтың өмірі мен шығармашылығын зерттеуге арналған.

“Сегіз қырлы, бір сырлы” деп отырғанымыз - Жүсіпбектің қалам тартпаған әдебиет жанрлары кемде-кем. Әдебиетке өлеңмен келген қаламгер елдің мұңын мұндап, жоғын жоқтаған, өмір, уақыт алға тартқан өзекті мәселелерге дер кезінде өз үнін қосқан көсемсөзші, “уақ әңгімелер мен оқшау сөз тудырған” сықақшы, “Қартқожа”, “Ақбілек”, “Күнікейдің жазығы” т.б. дүние әкелген жазушы. Сонымен қоса ол “Мансапқорлар”, “Қанапия мен Шәрбану”, “Ел қорғаны”, “Сылаң қыз”, “Шернияз”, “Рабиға” атты пьесалардың авторы, дарынды драмашы. 1925 жылы “Шернияз” пьесасы республика Халық ағарту комиссариаты жариялаған байқауда екінші орынды иемденген (бірінші орын, Жүсіпбек Аймауытовтың ұсынысы бойынша, М.Әуезовтің “Қарагөз” трагедиясына беріліпті). Автор көп жылғы жүргізген жүйелі ізденісінің жемісі - өз монографиясында осы еңбектерін жан-жақты талдай, баға бере отырып, Жүсіпбектің көркем аудармашы, ағартушы, ғалым екенін шегелей түседі. “Тәрбиеге жетекші”, “Психология”, “Жан жүйесі мен өнер таңдау”, “Комплекспен оқыту жолдары”, “Жаңа ауыл” атты тәлім-тәрбиелік мәні жоғары кітаптары мен ғылыми мақалаларына айрықша тоқталады. Сол кездегі әр салаға байланысты айтқан ғалымның кейбір пікірлері күні бүгінге дейін маңызын

жоймағанын автор бүгінгі күннің талаптарына сай саралайды.

Р.Сағымбекұлының бұл еңбегінің тағы бір құндылығы - Жүсіпбек Аймауытылының өнер әлеміндегі орны дәйекті сөз етіледі, нақты да сындарлы пікірлер айтылады. Ол туралы автор: “Ж.Аймауытылы есімін өнер әлемінен бөлек қарау қиянат. Расында бұл тақырып



Рақымжан Сағымбекұлы  
ЖҮСІПБЕК

әдебиет зерттеушілері мен өнертанушылардың назарынан тыс қалып келеді. Тіпті аталмыш тақырыпқа Ж.Аймауытылы ұлттық театр өнерінің негізін қалап, даму жолына үлкен үлес қосуын, Семей мұғалімдер семинариясында оқи жүріп Абайдың қайтыс болғанына 10 жыл толуына арналған өнер кешіне қатысуын, “Біржан

мен Сара” айтысының сахналық қойылымын әзірлеуге ұйтқы болуын немесе “Әнші” әңгімесіндегі Әмірхан (прототипі Әміре Қашаубаев) тұлғасын сомдаудағы шеберлік сырларын еске алғанның өзінде “қара жаяу”, “кәсіпқой” емес екенін танымыз”, - дейді.

Сондай-ақ Жүсіпбек Аймауытылының ұстаздық, тәрбие туралы айтқан ой-пікірлері де бүгінге дейін көңілге қонымды, ескірген. Автор оның осы саладағы еңбектерін тереңдей талдап, кеңінен толғайды. Мектеп ісі, оқу мен қорыту жүйесі, осы бағыттағы көкейтесті мәселелер де бүгінгі уақыттың талап-тілектеріне сай сөз етіледі. Автор аталмыш монографиясында Жүсіпбек Аймауытылының өмірі, отбасы, ұстаздары мен шәкірттері туралы мол мәліметтер береді. Рақымжан Тұрысбек архив деректерін пайдалана отырып, осы күнге дейінгі Жүсіпбектің өміріне қатысты мағлұматтардың аңыз бен ақиқатын ажыратып береді.

Әсіресе революцияға дейінгі және одан кейінгі баспасөзде жарияланған материалдарды кеңінен пайдаланған. Қаламгердің балалары - Бектұр, Жанқар, Музалардың өміріне, әкелері қудаланғаннан кейінгі тағдырларын да зерттеуші қалыс қалдырмаған.

Кітаптың 7-8, 103-104-беттерінде берілген жазушының өміріне қатысты фотосуреттер де оқырмандардың қызығушылығын тудырмай қоймайды. Зерттеу еңбектің бұл тұстары - кешегі коммунистік режимнің содырлы саясаттарынан мол сурет береді.

Қорыта айтқанда, ғасырымыз басындағы аласапыран кезеңнің сырлы да шерлі тарихнамасынан бай материал жинақтаған Р.С.Тұрысбектің “Жүсіпбек” атты еңбегі - үлкен ізденіс жемісі. Бұл монография жалпы жұртшылықпен бірге жоғарғы оқу орындарындағы студенттерге, әсіресе журналистер мен филологтарға, тарихшыларға аса қажетті құнды зерттеу болып табылады.

Ғалия АҚСЕЙТОВА,  
3-курс студенті.

## Я хочу увидеть небо голубое-голубое...

Наряду с административным, гражданским в нашей республике существует и экологическое право, которое регулирует отношения в области природы. Оно считается молодым, но быстро развивается и совершенствуется. Появляются все новые нормативные акты и документы. Находят ли они отражение в СМИ? Что мы видим? Если это городская государственная газета, то нет - нет да и видишь: “субботник”, “вывоз мусора”, “грязная питьевая вода”, “выхлопные газы”... Можно сделать вывод: да, газеты состоящие на госбюджете, затрагивают проблемы экологии, но... на бытовом уровне. А теперь возьмем коммерческие издания. Та-ак... Криминал, гороскоп, мода, советы визажиста, психотест и интим. Но, конечно, нас интересуют не только отдых и развлечения. Небольшое социологическое исследование выявило наиболее серьезные социальные проблемы, названные респондентами по убывающей степени важности. Это - плохое качество медицинского обслуживания - 94%, преступность - 92%, бедность - 91%, дороговизна продуктов питания - 90% и, хоть на последнем месте, но все-таки есть - состояние окружающей среды - 89%.

Далее исследование показало, что респонденты делают

экологические проблемы на две части. Первая - это проблемы, которые напрямую ежедневно влияют на безопасность и здоровье самих людей. Сюда входит качество питьевой воды, пищевых продуктов, вывоз бытового мусора. А вторая - это абстрактные экологические проблемы: разрушение озонового слоя, исчезновение некоторых видов животных и растений, глобальное потепление климата. Явным приоритетом пользуется при этом первая группа проблем.

Называется целый ряд причин, вызвавших экологические проблемы сегодняшнего дня, но главная из них - неправильная государственная политика в этом процессе.

Так, что проблемы экологии волнуют читателей, и мы должны повышать информированность населения в этом плане, не боясь, что газету нашу не купят в связи с отсутствием лишнего кроссворда или теста. Задача журналистов - обеспечивать право общественности на информацию, с помощью которой люди могут принимать взвешенные решения.

Юлия КИМ,  
студентка 3 курса  
факультета журналистики.





# Выбрав путь, иди по нему до конца



На всемирной конференции по гравитации, которая проходила в Лондоне в 1965 году, выдающийся ученый академик Академии наук СССР Владимир Александрович Фок представил работу молодого коллеги, своего ученика Мейрхана Абдильдина. Она была воспринята с интересом и удостоилась лестных отзывов ученых с мировым именем, специализирующихся в вопросах общей теории относительности. А уже в следующем году молодой ученый защищает кандидатскую диссертацию. Оценка научного руководителя В.А.Фока говорит сама за себя: работа значительно превышает диссертационный уровень.

Мечтал ли паренек из затерянного в павлодарском Прииртышье аула о блестящей научной карьере физика-георетика? В те суровые военные и не слишком сытые, но овечьные ореолом славы великой победы годы дети выросли рано. Суровые будни закаляли характер, учили преодолевать трудности. Отец сражался на фронте. Мама дни и ночи трудилась в поле. Не сидела без дела и детвора. Так, уже с четырех лет Мейрхан со своим старшим братом Жабайханом помогал сторожить кошары. Пропитание добывали сами: удили рыбу в Иртыше, ставили петли на зайцев, собирали ягоды.

Память до сих пор бережно хранит ту удивительную "страну детства".

В школе страстно любил историю. Читал запоем Абая, Ауэзова, Пушкина. Пробовал силы в поэзии. Уже тогда решил: стану писателем, историком, ну, в крайнем случае географом. Старшему брату такой расклад пришелся не по душе. "Будешь физиком", - безапелляционно заявил он: у казахов мнение старшего - закон, при том, что Жабайхан - человек далеко неординарный. Сейчас он известный в Казахстане человек, академик, сенатор.

Пришлось отбросив лирику, засесть за физику и математику. В семье 26 человек. Какие тут условия для занятий? Мейрхан уходил в хлев, и там в окружении "внимательных слушателей" зубрил до изнеможения. "Если поставил себе задачу, добейся ее несмотря ни на что" - этого принципа он придерживается всю жизнь.

Когда в 54-ом году поступил на физмат в КазГУ, конкурс был четырнадцать человек на место. И он, выпускник казахской школы из сельской глубинки, успешно выдержал восемь экзаменов. Для становления молодого ученого, считает Мейрхан Абдильдин, важно пройти хорошую научную школу. В этом отношении ему повезло. Его учителями были талантливые педагоги КазГУ: Надежда Михайловна Петрова, доцент Бахытжан Тулегенов, а в Ленинградском Физтехе - колыбели советской физики - Черданцев, Фок, Зельдович.

Казахский Государственный университет являлся в СССР головным научным учреждением по проблеме движения тел в общей теории относительности, и с 1970 года М.Абдильдин трудится в его стенах. Много и напряженно работает. В 1988 выходит в свет его монография "Теория гравитации

Эйнштейна" - первая в Казахстане книга, посвященная проблемам движения тел в общей теории относительности. Заведует кафедрой теории физики. С 1988 по 1991 года руководил Казахским государственным университетом. В 1985 защищает докторскую диссертацию, в 89-м избирается членом-корреспондентом Национальной Академии.

Большое значение он всегда уделял преподавательской деятельности, сознавая, насколько важно с первых шагов привить молодежи любовь к науке, раскрыть влечение к творческому поиску, самостоятельному мышлению. Ведь очень часто неумелый, формальный подход педагога может разочаровать студента, стать причиной отсутствия так необходимого в науке энтузиазма. В этой связи Мейрхан Мубараквич очень осторожно относится к процессам реформирования в системе образования.

- Реформы требуются там, где нет должной отдачи, наблюдается процесс стагнации,- полагает он. - Так для чего же ее реформировать? Американцы переходят на нашу систему образования. А мы не умеем ценить то, что имеем, и это может привести к утрате рубежей, на которых еще с горем пополам держится наша научная школа.

Наука Казахстана, по мнению М.Абдильдина, часть бывшей советской науки. В республике еще сохранились отдельные сильные школы, в частности, астрофизики, геологии и т.д. Сохранение и укрепление связей с российской наукой позволит нам и в дальнейшем развиваться и держаться в фарватере мировой научной мысли. Сейчас очень важно не потерять все то, что мы имеем. Реформаторы должны взять себе на вооружение девиз медиков: "Не навреди!"

**Виктор ПРЯНИКОВ,**  
студент 4 курса з/о журфака.

## Новые поступления в фонд научной библиотеки

Более полутора тысяч экземпляров книг, 68 наименований поступило в фонд Научной библиотеки Казахского государственного национального университета им. аль-Фараби в результате спонсорской помощи фонда Евразия. Грант фонда в помощь развитию экономического образования составил 12320 американских долларов.

Закуплена ценная экономическая литература, например, "Теоретическая экономика" С.А.Шевелева (50 экз.); "Основы экономики и бизнеса", Е.В.Мостовой (100 экз.); "Основы экономической теории: курс лекции" (100 экз.).

Книги поступали в течение прошлого года, литература обрабатывалась в автоматизированном режиме и в течение 3-5 дней после поступления предоставлялась читателям.

**Е.АБУЛКАИРОВА,**  
директор библиотеки.





# Терезеннен ай нұры боп төгілем



Көктемгі жасын өлендер,  
Өмірге күштар, бақытқа ғашық  
өлендер,  
Балалығы мен бейкүнәлігі басым  
өлендер,  
Қымбат өлендер, тұнық өлендер,  
асыл өлендер,  
Ашық өлендер...  
Жаңа өлендер:  
Жауқазын, бәйшешек жырлар -  
Қызғалдақ толы құлпырған  
көктемгі қырлар,  
Көктемгі жауған алғашқы  
жауындай жырлар,  
Тәп-тәтті жырлар, бал-шекер,  
қауындай жырлар...  
Жаңа өлендер:  
Сәулелі, Күндегі жырлар,  
Шабытка толы мақпалдай түңдей  
жырлар  
Бесікте жатып анамнан естіген  
жырлар,  
Көзімді ашып көргенім,  
білгенім - жырлар...  
Жаңа сезімдер жарысып, буын  
құрады  
Жаман болса да демеймін: "туым  
құлады".  
Жаңа өлендерім: Әрбірі ой-теңіз  
кешіп,  
Ұйқысыз өткен түнімнің  
туыңдылары...  
\*\*\*  
"Ей, самолет, самолет,  
Алматыға ала кет!" -  
деп жүгіріп жүргенде,  
Осы біздер бала ма еж?  
Балалықтың оралмасын білдім  
мен  
Қайда сол кез, бізбен бірге Күн  
күлген?

Самолеттен "ала кет" деп сұраған  
Алматыда жүрмін мен.  
Ей, самолет, самолет!  
Біздің үйге қона кет,  
Жете алмай, сағынған,  
Ауылыма ала кет!  
Ауылыма апар да,  
Алматыға қайтып кет.  
Балалығым сапарда  
Қай жерде екен, айтып кет?

\*\*\*

Күйшінің атын қойды екен саған  
неліктен?  
Күй төгіп көңіл, көктем боп бүгін  
желіккен,  
Құдайым кенде қылмапты сені  
өнерден,  
Кенде қылмапты көріктен.  
Неліктен ғана, неліктен...  
Ажарың сенің аппақ тым?  
Тұңғыық қара көзіңнен  
Таусылмас тәтті сәт таптым.  
Сол мөлдір қара көздерің  
Тұрды ма екен сақтап мұң?  
Әйтеуір, мен де мұнайдым:  
Арман мен ансау - аппақ мұң.  
Сол мұным - жүрек дүрсілім,  
Ұнаттым сені, бұл шыным.  
Ақын жігіт, неге өзіңе  
Атын берді екен күйшінің?...

\*\*\*

Ойлағам жоқ деп "қайғы ішем",  
Ойлағам жоқ деп "бақ қуам"  
Сені еске алған кезімде,  
Жанып кетуге шақ тұрам.  
Бағым да болдың, қайғым да,  
Бірақ та сонша, соншалық  
Алдамшы ма едің,  
Аққубам?  
Арғымақ мінген арудың  
қасында қара жаяуым.  
Ретін таппадым қап-қара  
Көзіде қайта қараудың  
сүйікті едің не деген  
Сүйкімді едің не деген,  
Бірақ та сонша, соншалық  
Алдамшы ма едің,  
Аяулым?  
Көгімде болдың ақ сұңқар,  
айналып ұшқан ақ қыран,  
Өзіңнен өзге ойлардың  
барлығын жинап лақтырам.  
Тартымды едің не деген,  
Ақылды едің не деген,  
Бірақ та сонша, соншалық  
Алдамшы едің,  
Аққубам...

\*\*\*

Үйренісемін, әлі-ақ мен төселемін  
де

Сәл көңілсізбін.  
Мұнымды еселедім бе?  
Сағынып келем жып-жылы жаз-  
ауылымды  
Алматының қар басқан  
көшелерінде.  
Қар болмасын деп, ел-жұрттын  
алғаны шатыр.

Табиғат үнсіз.  
Алатау ойлаңып жатыр.  
Абай көшесі,  
Әнеки, Неке сарайы.  
Әдеттегіше, әрине, той болып  
жатыр.

Той болып жатыр.  
Аққайнар бусатып буды  
Күн сәл де болса ақ қарды  
жұмсартып тұрды.  
Өзі де күйеу болардай сүйкімді  
жігіт  
Неке сарайы алдында... гүл сатып  
тұрды.

Қарадым оған.  
Сен қара, ара да тұрғын,  
Ауылдықпын ғой, демеймін'  
"қалада тудым"  
Үлкен көшенің шуынан құлағым  
тұнып  
Театрға қарай аяндап бара  
жатырмын.  
Алтын күзімнің ақ боран  
жалғасымысын,  
Ақ қайың - арман: ой салған  
алғашқы мүсін.  
Алабұртқан көңілге не әкелерсің,  
Алматыдағы алғашқы қысым?

\*\*\*

Терезеннен ай нұры боп төгілсем,  
Аластама мені сен.  
Көзді жұмып, кутылуға асықпа  
Қара түнде елес болып көрінсем.  
Ерке жел кеп шаштарыңмен ойнаса,  
Менің қолым сипап оны жатқаны.  
Күн күлімдеп, қыздыруын қоймаса,  
Ыстық демім өртеп сені жатқаны.  
Өз-өзіңнен күле берсең мәз бола  
Басқа жерде тойлап менің жатқаным.  
Өз-өзіңнен мұңға батсаң аз ғана  
Онда менің ойлап сені жатқаным...

Нәзира Бердалиева,  
журналистика факультетінің  
1 курс студенті.





# Төрт түлік "биографиясындағы"

із

(сықак)



Түймебек Түймебек болғалы осы бір ауылды ашса алақанында, жұмса жұмырығында ұстап отыр. Қарадан хан болған деп осындайды-ақ айтатын шығар. Бірақ енді хан болдым екен деп, әке-аталарын ұмыта ма? Қайта, осындай қолда билік тұрғанда, дос-душпанға өзін-бір көрсетіп алмай ма? Оның үстіне атасының о дүниеге аттанғанына алпыс жыл толыпты. Тек сол еске алудың ыңғайын қалай келтірсе екен... Ел ғой күнде тойлап жатыр, сылтау-себеп жеткілікті. Ал бұл атам кезінде өйткен-бүйткен деп мақтанайын десе, атасының асып кеткен түгі жоқ. Қарапайым ғана малшы болған. Мал болғанда да ең жуасы - қойды баққан ғой. Көштен қалмай өмір сүрген демесе, басқа басы артық бір іс бітірмеген. Ең болмаса бір жыл озат шопан бола қойса, ол да жөн еді ғой. Сонда енді қайтіп атасының атын бір дүр еткізеді. Бас қатты, амал таусылды. Жоқ, әлгі өзінің жақын туысы бригадир Бітәнмен ақылдаса ма? О немеге де ата мен атак керек шығар?

- Сен соны өзің жөнде, бір амалын тап, - деді ол ақыры жақынына.

- Тапқанда, не деп мақтаймыз. Малшы болғанын елдің бәрі біледі. Артық ештеңе қоса да алмаймыз.

- Сонда да енді бірдеңе деуіміз керек қой. Екеуміз бірдей жүріп, бір атамызды аспанға көтере алмасак, маскара. Қайдағы біреулер өткізіп жатқанда...

- Қап, атам нағыз қырттың өзі екен, қойдан басқасы құрып қалғандай... Ретін қалай келтірсек, а?

- Ой, амал көп қой. Мысалы, ана көрші колхоздың бастығы тракторшы әкесін-ақ бүкіл әлемге айдай қылды. Ол емес, анау Мәтір де алқаш әкесіне, колхоз құрылғанда арба айдаған әкесіне ғарышкердің тойындай той өткізген...

- Иә, ол рас. Қазір өзі де аудан, ауыл ғана емес, қалаларда да күнде той. Біресе 50, біресе 60 жылдық. 100, 150, тіпті 1000 шығандап кеткендер бар. Ойбай-ау, еске аламыз деп бар байлығымыз бен малымызды ысырап қыламыз ғой. Ертең ел бізді еске алмақ тұрғай, сояраға ешкі таба алмай қалар...

- Жә, біздің бір атамыздан мал кеміп қалмас. Қазақтың малы қайда

кетпей жатыр. Одан да тап амалын. Бәленше атасының тойын жасапты десе, жаман ба?

- Тоқтаңыз, маған бір ой келді?!

- Иә, айтшы. Қандай ой ол?

- Атамыздың өлгені рас па?

- А-а, рас қой. Рас шығар...

- Қой баққаны рас қой?

- Иә, онда не тұр?

- Қой - мал ма?

- Мал емей, "Мерседес" пе?

- Тоқтаңыз, ендеше, не қиындығы бар. Қалада, далада, тіпті бүкіл қазақ даласында трыдан көп нәрсе жоқ. Елге еңбегі сіңгендерді қойшы, одан беріде өздері ғана білетін нешеме адамның тойы болды ма?

- Болды, ойбай, болды. Төтесіне көш.

- Айтсам, менің де атам ешкімнен кем емес. Өкіметке шын берілген азамат. Сол кездерде ел құсап ол да білім қуып кетсе, малды кім бағар еді? Далада қалған мал ит-құсқа жем болмай ма? Міне, осыны аса көрегендікпен андаған көшелі атам малда өз ықтиярымен қалып, қазіргі тойланып жатқан батырларға толық жағдай жасаған. Сол уақытта атам бірге кетсе, құдай біледі, деп айтайын, біз бұл тәуелсіздікке, соны алған уақытымыздан бір, бір жарым жыл кейін жетер едік.

- Мүмкін емес. Шынымен солай ма?

- Әрине, солай. Біздің атамыз данышпан ғой. Әттең, дер кезінде білмедік-ау қадірін...

- Сонда, енді оны халықтың көкейіне құя алмай қор боламыз ғой. Елдің білетіні - біздің атамыздың қой баққаны. Оны біз данышпан дегенімізбен, ел данышпан дей ме?

- Ой сіз де... Біз сол

малшылығымен-ақ бірсыпыраға апарамыз. Тек жалғыз қой ғана бағып өткен десек, аздау болып қалар. Сондықтан осы жерде ептеп қалындатып жіберейік.

- Қайтіп, сен өзің...

- Біздің атамыз осындай жылы туды, кішкене күнінен-ақ көкірегінің оты маздап өскен ол, халық қамын ерте ойлап, ес білгеннен мал бақты. Пәлен жылы өз бастамасымен малға келген ол, алдымен қой секілді игілікті түлікке ие болды. Өте іскерлігімен көріне білген ол, аз ғана жылда сиыр бағуға дейін жоғарылатылды. Бұнда да тындырымды, елге жағымды, мал қамын ойлайтын оған жылқы бағу сеніп тапсырылды. Сосын - түйеге. Әйтеуір, туа біткен талантының арқасында, ақтығының, сезімталдығының арқасында ол, малдың да, халықтың да сүйікті перзенті бола білді. Осы күнге дейін аман-есен жеткен малдардың биографиясында ол кісінің де ізі сайрап жатыр, мал негізін қалаған біздің атамыз, міне, осындай жан еді...

- Тамаша, мынау табылған ақыл. Сен тіпті қатырдың.

- Сосын... тағы кім біліп жатыр дейсіз, бір-екі шалды алдап-сулап сөйлете салып, бір ақынсымаққа қатырып өлең шығартып, сосын... Кеңес одағынан қалған бір көшеге атын бере салсаң, кім таласып жатыр дейсіз: Азар болса, бірер күн пыш-пыш өсек қылар...

- Сен өзің өсетін баласың. Мынадай атак дегенін...

- Сосын тағы, ашаршылық жылдары елге қолындағыны бөліп беріп, аштықтан аман сақтап, ел деп еңірегендерді үйіне паналатқан, ақыл-кеңес берген...

- Бітті, жетеді. Мынау дегенің аудан емес, облыс, облыс емес ел көлемінде жасалатын той болып кетті. Расымен солай болған ба?

- Е, болса, болған шығар. Болмаса, оны кім біліп жатыр дейсіз. Біз кішкене ұрпақ...

- Әрине, мынадай атакқа бір көше емес, бір ауылға атын берсе, аздық етпейді. Сонымен сен бала осыны өзің ретте. Өлеңінді жазғыз, шалынды сөйлет, Ал қалғанын өзім...

Қанағат ӘБІЛҚАЙЫРҰЛЫ,  
3 курс студенті.





# Мәриям апаймен кездестік

Таяуда Қазақтың әл-Фараби атындағы мемлекеттік ұлттық университетінде заманымыздың аса көрнекті жазушысы Сәбен, Сәбит Мұқановтың зайыбы Мәриям апайдың ұйымдастыруымен өткізіліп жүрген “Сәбит сабағы” лекциялар циклының кезекті мәжілісі болып өтті.

Кездесу-сабақты университет ректоры К.Н.Нәрібаев кіріспе



сөзбен ашты. Кездесуді профессор Т.Кәкішев жүргізіп отырды. Ал негізгі сөз тізгіні Мәриям апайдың өзінде болды. Ол кісі өмірінен, сонымен бірге Сәбенмен кездесіп, кейіннен бір арнада тоғысқан тағдыры жайлы бірқалыпты, ашық қоңыр дауыспен әңгімеледі. Кездесу-сабақ барысында тарихшы, әлеуметтанушы ғалым, жазуш Манап Қозыбаев, филология ғылымының докторлары Қ. Ергөбеков, Қ.Нарымбетов, “Сәкен қорының” президенті Р.М.Сейфуллина, т.б. шығып Сәбен жайлы өз ой-толғаныстарын ортаға салды.

Бұдан соң Мәриям апайға сұрақтар қойылып, ол кісі қойылған сұрақтарға тебірене әңгімелей отырып, жауаптар қайтарды.

Кездесу-сабақ соңында Мәриям апайға Сәбен мұражайының бір бұрышын толтырып тұрсын деп әл-Фараби бейнесі тарту етілді.

Сондай-ақ Мәриям апайға құрмет ретінде студенттер өздері әзірлеген шағын концертін қойды.

*Бейбіт Төлгенұлы,  
журналистика факультетінің  
2-курс студенті.*

## “Қазақстан-2030”

# Өз үлесімізді біз де қосудамыз

Ел Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың алға қойған 2030 стратегиясына ҚазМУ-дың ғылыми кітапханасының “Ұйымдастыру және көпшіліпен жұмыс жасау” бөлімі өз үлесін қосуда.

Осы ретте “Қазақ елі, халқының салт-дәстүрінің тәрбиелік мәні” атты рубрикадан, әрине студент-оқырмандарды қатыстыра отырып үзінді-қойылымдар көрсетуді жөн көрдік.

Соның ең алғашқы тұсау кесерін – “Қыз ұзату” рәсімін өзіміздің филология факультетінен бастадық, ал ол оқырмандар ойынан шыққан соң, “Беташар” рәсімін журналистика факультетінің студенттерінің қатысуымен көрсеттік. Соңы ән мен күйге жалғастырылып, студенттер арасында өнерге құмар, талабы зор жастар көзге түсті.

Кешке журналистика факультетінің профессорлары, оқытушылары қатысып, өз пікірлерін төмендегідей қорытындылады:

“Жастарға дұрыс тәрбие беру үшін, осындай кештердің жиі-жиі өтіп тұруын жөн көріп, осы кештердің ұйымдастырушылары кітапхана қызметкерлеріне көп алғысымызды айтамыз”.

Бұнымен қатар бізде “Жаныңда жүр жақсы адам” аядарымен де кештер ұйымдастырылып тұрады.

Атап айтқанда, биылғы жылы математика факультетінің, “дифференциалдық теңдеу” кафедрасының меңгерушісі, бірнеше оқулықтардың авторы, ұстаздар арасында да, шәкірттер арасында да беделі биік ғалым ағамыз Құлжабай Абдыхалықұлы Қасымовпен, Шығыстану факультетінде “Азия-Африка елдерінің тарихы” кафедрасын ашуға қатысып, осы факультетке еңбегін сіңіріп жүрген студенттерге сезімтал ұстаз Қ.Қ.Қожахметовпен және “Экономика Қазақстанның

кітабының авторы, менеджмент кафедрасының меңгерушісі К.Р.Нұрғалиевпен студенттер кездесу кештерін өткіздік.

Алдағы уақытта тарих және шығыстану факультеттерінде “Шілдехана - бесік той және тұсау кесер” рәсімінің қойылымын жүргізу жоспарланып отыр.

Бұл кездесу кештерінің негізгі мақсаты - студенттеріміздің туған халқының өдет-ғұрпын, салт-дәстүрін молынан білуіне, кітапханадағы қызықты кітаптарымызды алып оқуына, журнал беттерінде салт-дәстүрге арналып жазылған мақалаларды зейін сала шолып өтуіне себепші болу. Тек ой-өрісі кең, рухани білімге қызыққан жан ғана білікті маман болып шығады.

*Нәсіпа МОЛДАБЕКОВА,  
кітапхананың көпшілікпен  
жұмыс істеу бөлімінің  
меңгерушісі*







# Ставка больше, чем компьютер

В нашем университете приятное новшество. На последнем заседании Ученого Совета с довольно заманчивым предложением "Информация лекционного материала" выступил начальник компьютерного Центра КазГУ, доктор технических наук, профессор Уалишер Ануарбекович Тукаев. Совсем скоро лекторы забудут примитивные способы обучения студентов при помощи мела, доски, указки и различных плакатов с причудливыми схемами. Им будет достаточно записать цикл лекционного материала на дискету, и все необходимое появится на мониторе...

Это довольно эффективный метод обучения, сохраняющий драгоценное время преподавателей. Но как скоро

университет перейдет на данную систему? Для этого потребуются кропотливая работа, которая продлится не один год. По мнению Уалишера Ануарбековича, существует 2 основные проблемы: во-первых, подготовка специалистов, которые непосредственно будут обучать самих преподавателей, во-вторых, полное переоборудование лекционных залов, аудиторий и создание компьютерной сети университета. Над этим и работает компьютерный центр. На сегодняшний день им сделано немало. К примеру, Грант, отправленный недавно КазГУ фонду европейского сообщества TEMPUS TASIC, одержал победу, а это значит, что он получил финансовую поддержку в программе

информатизации административного управления. Теперь есть доступ к обучению новой технологии, возможность отправиться за рубеж для изучения компьютерных разработок. В мае этого года ожидается приезд специалистов из Германии.

Из года в год человек снова и снова открывает для себя мир и в этом ему помогает компьютер. Он становится необходим, как вода, как воздух... Мы радуемся за преподавателей и немного завидуем тому поколению студентов, обучение которых будет проходить уже по осуществленной программе.

*Гульмира Бажанова,  
студентка 4 курса.*

## Лучший город земли

Такого нет. Не существует. Алматы - город, где я родилась и выросла, но к нему у меня лишь привязанность, которая, конечно, во многом похожа на любовь, их даже путают. Хотя, кто знает, может, одно и есть другое.

Я привыкла к этому городу, я знаю его. Порой я испытываю удовлетворение, бродя по улицам и с каждой связывая что-то свое, испытанное когда-то и с тех пор неизменно ассоциирующееся с ней. Удовлетворение, какое испытываешь, находясь дома, не спутаешь с чувством, будь оно из наименее приятных, испытываемым в гостях. Выражение "не в своей тарелке" наиболее подходяще выражает эту мысль. Поэтому я могу назвать любимыми многие города, но своим - только один. Пусть он раздражает иногда дымом и смогом, но он же и радует чистым воздухом в предгорьях, земной травой и жарким солнцем. Обидно лишь, что мест, где всем этим можно наслаждаться, становится все меньше. Их ограждают уродливыми заборами, взимают плату за проезд и устанавливают прочие препоны. Буквально еще 3-4 года назад это было иным. Выйдя из дома, в считанные минуты можно оказаться как бы на лоне природы, ощущение единения с ней необходимо испытывать человеку хотя бы иногда. Это дает невообразимый заряд энергии, все это знают, по-моему, не случайно ведь стремятся на пикники в выходные. Но вернусь к предмету непосредственного описания.

Мой город - чем он примечателен? Он был и столицей, и "Отцом яблок", но это в прошлом. Что же будет с ним теперь? Наверно, ему не дадут заглохнуть и он станет не менее привлекателен, правда, в другом амплуа. Я надеюсь, у людей хватит ума, чтобы не вырубить остатки садов, хотя - деньги делают все... Если идти на поводу у тех, кто непременно хочет иметь коттедж в предгорьях, могут и вырубить.

*Елена Коченова,  
студентка 1 курса журфака*

## Я познаю что-то необычное

У каждого человека есть любимый город. Город-образ, город-воспоминание, Город, с которым связаны самые светлые и дорогие сердцу мгновения жизни. Город, в который хочется вернуться.

Для меня таким городом стал Вашингтон...

Когда-то это было несбыточной мечтой хоть недолгое время пожить в городе, с которым связана сравнительно короткая, но насыщенная событиями история США.

Носящий имя великого человека, этот город является центром политической жизни. В связи с этим неоднозначное впечатление на меня произвел Белый дом. Известный во всем мире, он оказался небольшим строением, лишенным всякой помпезности. Видимо, люди, работавшие над его проектом, не стремились поразить всех внешним великолепием, создав простую обстановку для принятия решений государственной важности.

Вашингтон - небольшой город, но в связи с огромным притоком туристов, численность его населения возрастает в несколько раз. Поэтому, из-за частых пробок на дорогах, люди предпочитают передвигаться на метро или просто пешком.

Именно так, гуляя по шумным улицам Вашингтона, ловила себя на мысли о том, что, как пришелец из другого мира, я познаю что-то новое и необычное.

Каждый день, знакомясь с разными людьми, не переставала удивляться тому, как сближает этот город представителей разных рас, сословий и возрастов.

Этим и прекрасен, на мой взгляд, Вашингтон - город постоянного движения и бурной деятельности. Своей способностью заставлять сердца людей биться в едином ритме.

*Наталья Байгожина,  
студентка международного отделения журфака*





## Аттанғанда

Асхатка

Арнасын бұзып көпшілік ашытқы ойдын,  
Ойынды таста дегендей, асықты қойғын,  
Дәу қала жақтан естілген даңғаза үндер,  
Ауылдық жап-жас тұрғынын ғашық қып қойды.  
Арманға бөлеп жүректің бөктерін балаң,  
Аттанып еді болмай-ақ өткеніне алаң,  
Ақсақалдарым аспанға алақан жайып,  
Шығарып салған ауылдан шеткері таман.  
Ақ бата тілеп ағайын жорамалыма,  
Ақ құртын орап ап анам орамалына  
Аттандырған еді бар адам тілекші болып,  
Сәт-сапар тілеп томшиған молалары да.  
Тыныштық орнап сол сәтте дала көгінде,  
Көздерін қарап бәйшешек жаңа көрінген,  
Ер-тұрман жайлы елдерге ертегі айтар  
Даланың ұлы аттанды алакеуімде.  
Қолғабыс емей, немен өскені ердің  
Тәңірдің өсте төлейге кескенін көргін.  
Қалаға солай аттанды болашақ жайлы  
Көп ойлайтуғын бір ұлы Көшпелілердін.

*Жанарбек Әшімжанов,  
журналистика факультетінің  
3 курс студенті*

## Атака мыльных опер

Вот уже более семи лет казахстанцев атакует телесериалы. На сегодняшний день их существует несметное количество - это и "Гваделупе" (можно сказать, "хит" этого года"), "Даллас", "Просто Мария" и куча других картин.

Многие считают, что фильмы эти для домохозяйек, и никто кроме них не смотрит слезливые мелодрамы. Увы, они заблуждаются. Оказывается, телесериалы смотрят, начиная с двухлетних малышек и кончая людьми самого приличного возраста. Что интересно: к любителям мыльных опер относятся в основном мужчины, хотя народ привык думать, что

сериалы эти для женщин. Но есть и те, кто ненавидит многосерийные фильмы.

И мечта, чтоб они поскорее закончились и навсегда закончились. Но мы-то знаем: этого никогда не будет! Поэтому, дорогие соотечественники, мужайтесь, терпите и тихо мечтайте. Может, и сбудется когда-нибудь ваше заветное желание, как говорится, надежда умирает последней.

*Оксана Лисицкая,  
студентка 2 курса  
факультета журналистики.*

### ҚҰРЫЛТАЙШЫ:

Әл-Фараби атындағы  
Қазақ мемлекеттік ұлттық  
университетінің ректораты және  
журналистика факультеті.

Газетке Қазақстан  
Республикасының Баспасөз  
және бұқаралық ақпарат  
министрлігінде № 1242 тіркеу  
күелігі берілген.



### РЕДАКЦИЯНЫҢ МЕКЕН-ЖАЙЫ:

480078, Алматы қаласы,  
әл-Фараби даңғылы, 71,  
ректорат,  
14 қабат, 1408 бөлме.  
Тел.: 47-82-50, 47-28-16.

**Бас редактор -**  
К. ҚАМЗИН;  
Немірдің көзекші редакторы -  
С. АЙДАБОЛОВА;  
**терімші және көркемдеуші -**  
А. БАБАСОВА;

Фотосуреттерді баспаға  
өзірлеуші -  
А. СӘРСЕНБИЕВ;

### Ақылдастар алқасы:

Л. АХМЕТОВА,  
тарих ғылымының кандидаты;  
Ж. ДӘДЕБАЕВ,  
филология ғылымының  
докторы.  
З. МАНСҰРОВ,  
проректор, химия  
ғылымының докторы;  
Н. ОМАНШҰЛЫ,  
филология ғылымының  
докторы;

Жарияланған материалдардағы  
автордың көзқарасы редакцияның  
ұстанған бағытына сәйкес келуі  
міндетті емес.

Немір ҚазМУ-дің "Қазақ  
университеті" баспасында теріліп,  
басылығы шықты. Бағасы келісім  
бойынша. Тараламы - 500 дана.  
№ 104 - тапсырыс.